



БҰЙРЫҚ

01.09.2026 ж.

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 500

город Караганда

**Қарағанды облысы
білім беру ұйымдарының
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 «Білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қаулылары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21

желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» бұйрықтарына және Қарағанды облыстық мәслихатының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы XX сессиясының «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 234 шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды облысының білім басқармасының білім бөлімдері:

1.1. Қарағанды облысының орта білім беру ұйымдарының асханаларында «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 01 қыркүйектегі № 593-Ө бұйрығына сәйкес бекітілген маусымдық төрт апталық мәзірді қолдана отырып, тамақтандыруды ұйымдастыру міндеттелсін.

1.2. Бекітілген перспективалық мәзірге сәйкес білім беру ұйымдарының басшылары күн сайын алдағы күнге мәзірді бекітуге, оны асханада және дұрыс тамақтану бұрышында теңдестірілген дұрыс тамақтану туралы ақпаратпен орналастыруға *(перспективалық мәзір және әр күнге тағамдардың фотосуреттері мектептің интернет-ресурсының тамақтану бөлімінде және Bilimal платформасында орналастыруға)* міндеттелсін.

1.3. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасына сәйкес 1-4 сынып оқушылары және әлеуметтік қорғалмаған *(аз қамтылған)* отбасылардан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 5-11 сынып оқушылары тегін тамақпен қамтамасыз етілсін.

1.4. Білім беру ұйымдарына тегін тамақ алған оқушыларды есепке алу үшін аппараттық-программалық кешен немесе «Бизнес-әмиян» арқылы фиксация және есеп беру функциясымен қамтамасыз етілсін және бұл процесс білім беру саласындағы информатизация объектілеріне қойылатын минималды талаптарға сәйкес жүзеге асырылсын (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы № 456 бұйрығы).

Сонымен қатар, ақпаратты автоматты түрде «Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесіне жіберу қамтамасыз етілуі тиіс.

1.5. Орта білім беру ұйымдарында әлеуметтік педагог немесе тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты тұлға бұйрықпен бекітілсін. Аталған тұлға 1-4 және 5-11 сынып оқушыларын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру барысында «Әлеуметтік әмиян» жобасы аясында балалардың тегін тамаққа құқықтарын тіркеуді қамтамасыз етсін. Процесс толық ашықтықпен жүргізіліп, есепке алу автоматтандырылсын, білім алушылар туралы ақпарат уақытылы енгізіліп, Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰБДҚ) деректер тұрақты негізде жаңартылып, барлық мәліметтер жүйелі түрде бақылауға алынсын.

2. «Мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» КММ:

2.1. 1-4 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

3. Білім беру ұйымдары тамақтану сапасына жүйелі мониторинг жүргізуді және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты білім беру

ұйымының интернет-ресурсындағы «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының жетекшілік ететін орынбасары М. Сыздықовқа жүктелсін.

**Қарағанды облысы
білім басқармасының
басшысы**



Д. Жекебаев